

Нұрсұлтан Назарбаев
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалым Мұтановты қабылдады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының баспасөз-қызметі хабарлады.

ЕЛБАСЫМЕН КЕЗДЕСУ



Кездесу барысында Елбасы жоғары оқу орнын одан әрі дамытудың және халықаралық беделін нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

«Университеттің беделін көтеру маңызды. Алдымызда жоғары оқу орнын зерттеу орталығына айналдыру мақсаты тұр. Білім сапасы мен профессорлық-оқытушылық құрамды дайындау деңгейін арттыруға назар аудару керек. Білім алушылардың жағдайын жақсарту үшін студенттік жатақханалар салу жөнінде тапсырмалар берілді», – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Сондай-ақ, әңгіме барысында Нұрсұлтан Назарбаевқа Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған шаралардың дайындығы жөнінде мәлімет берілді.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!



ҚазҰУ-да еліміздің Тұңғыш Президенті күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» республикалық форумы өтті. Салтанатты марапаттау рәсімде қорытынды жасалды және инновация мен шығармашылықты ұштастыру арқылы патриотизмді дамытуды мақсат етіп, кең көлемді қамтыған жастар форумы байқауларының жеңімпаздары анықталды.

Ауқымды шараны ҚР БЖҒМ, АЖҚДМ, «Жандану әлемі» қоры, «Жас Отан» жастар қанаты, Қазақстан Жазушылар Одағы, «Қазақ радиосы» қолдауымен ҚазҰУ және Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырып отыр.

Жастар жылында форум қоржынына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 85 жылдығына арналған –

қайырымдылық қағидаларын ілгерілету және үздік шығармашылық туындылар сияқты жаңа байқаулар қосылды.

Ұйымдастыру комитетіне келіп түсетін жобалар мен шығармашылық жұмыстар санының жыл сайын артуы – байқаудың танымалдылығы мен қажеттілігін дәлелдейді.

Жалғасы 3-бетте

ВЫСОКОЕ МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРИЗНАНИЕ

Ректор КазНУ академик Ғалым Мутанов стал обладателем престижной международной премии «Лидер науки - Web of Science Awards-2019». Независимую награду он получил как автор научной монографии, вошедшей в ведущую в мире базу данных цитирований научных работ «Web of Science Core Collection».

Следует отметить, что научный труд видного казахстанского ученого «Математические методы и модели в экономическом планировании, управлении и бюджетировании» получил высокую оценку лауреата Нобелевской премии в области экономики Джона Нэша.

Данная монография была опубликована в крупнейшем издательстве мира «Springer Nature» и вошла в топ наиболее востребованных книг, в электронном виде ее скачали около 15 тыс. пользователей, что является одним из лучших показателей. Совсем недавно ведущее издательство КНР при Университете Жэньминь перевела монографию на китайский язык и презентовала ее на крупнейшей в мире Пекинской международной книжной выставке.

Церемонию награждения в Алматы провела авторитетная международная наукометрическая компания «Clarivate Analytics». В ней приняли участие представители МОН РК, Национальной академии наук РК, вузов, научно-образовательных и деловых кругов Казахстана, а также известные отечественные и зарубежные эксперты.



«УРОКИ» КИТАЙСКОЙ ЭКОНОМИКИ

В КазНУ им. аль-Фараби прошла презентация книги известных китайских ученых Лю Вэй и Су Цзянь «Қытай экономикасының тығырықтан шығар жолы», изданной в университете на казахском языке.

На презентацию в Алматы приехала представительная делегация китайских коллег во главе с автором книги ректором Университета Жэньминь (Китайского народного университета) профессором Лю Вэй. Почетных гостей встретил ректор КазНУ академик Галым Мутанов. В ходе кампус-тура коллеги из Поднебесной ознакомились с музеем университета и центром ситуационного управления.

Приветствуя гостей на официальной встрече, ректор подчеркнул значимость сотрудничества с КНР в области науки и высшего образования. Он отметил, что КазНУ тесно взаимодействует с более 40 высшими учебными заведениями и научными учреждениями. Ежегодно студенты и преподаватели КазНУ проходят стажировки, участвуют в научных семинарах и конференциях в ведущих вузах Китая. А известные ученые соседней страны приезжают в КазНУ для чтения лекций, осуществляют научное руководство над докторантами PhD.

В свою очередь господин Лю Вэй поблагодарил Галыма Мутанова за теплый прием и издание книги «Қытай экономикасының тығырақтан шығар жолы», в которой представлены материалы по различным проблемам современного развития китайской экономики.



По завершении официальной части в конференц-зале кластера развития бизнес-компетенций состоялась презентация книги. В церемонии приняли участие гости из Китая, руководство и ученые КазНУ.

«Экономика Китайской Народной Республики развивается быстрыми темпами, сегодня страна превратилась в одну из ведущих мировых экономических держав, - отметил Галым Мутанов на презентации. – Безусловно, в этом заслуга не только видных государственных деятелей, но и ученых-экономистов, таких как профессор Лю Вэй. Убеден, что его книга, переведенная на казахский язык, будет интересна не только нашим студентам и преподавателям, но и экономистам, финансистам, политологам,

исследующих феномен китайского экономического развития».

Высокую оценку научному труду китайских коллег дал и профессор КазНУ Ержан Жатқанбаев. «Фактически это первая книга на казахском языке, освещающая проблемы развития китайской экономики. Это титанический труд, анализ ситуации в 35 городах страны. Подобный детальный анализ позволяет не только исследователям, но и управленцам увидеть тонкости хозяйственных процессов и учитывать их в практической деятельности. Такие экономические исследования особенно ценны и востребованы», - подчеркнул ученый.

Соб. корр.

ҚАЗҰУ – ҒЫЛЫМ КӨШБАСШЫСЫ



сыйлығының лауреаты Джон Нэш тарапынан жоғары бағаға ие болды және әлемдегі ең ірі «Springer Nature» баспасынан жарық көрді. Ол жоғары сұранысқа ие болған кітаптардың жиынтығына кірді, электронды түрде оны 15 мыңға жуық пайдаланушы жүктеген және үздік көрсеткіштердің бірі болып табылады. Жуырда ғана Жэньминь университеті жанындағы ҚХР жетекші баспасы монографияны қытай тіліне аударып, оның тұсаукесерін әлемдегі ең ірі Бейжің халықаралық кітап көрмесінде жасады.

ҚазҰУ-дың «International Journal of Biology and Chemistry» ғылыми журналы отандық мамандандырылған ғылыми басылымдар арасынан үздік шықты. «Үздік жас ғалым» номинациясы бойынша PhD докторы, ҚазҰУ постдокторанты Ж.А.Молдабеков танылды.

«Соңғы жылдары ҚазҰУ өте табысты жұмыс істеп жатыр. Ғылыми жарияланымдар жағынан үлкен прогресс бар екенін айтқым келеді. Бұл университет басшылығының еселі еңбегі. Әрине, ҚазҰУ-дың орасан ғылыми әлеуеті бар, ғалымдарды қолдау және бірлескен зерттеу жобаларын іске асыру бойынша бірлескен жұмыстарды дамыту біздің алдағы жоспарымыздың бірі болмақ», - деді «Clarivate Analytics» компаниясының Ресей мен ТМД елдеріндегі басқарушы директоры Олег Уткин.

Шараға «Clarivate Analytics» компаниясының, ҚР Ұлттық ғылым академиясының басшылығы, ҚР БҒМ мен жоғары оқу орындарының, ғылыми-білім беру және іскерлік топтарының өкілдері, сондай-ақ беделді отандық және шетелдік сарапшылар қатысты.

Өз тілшімізден

■ KAZNU.KZ

Sentr massovyh otkrytyh onlain kыrsov (MOOK) provel kыrs povyshenia kvalifikatsii «Massovye otkrytye onlain kыrsy: razrabotka, prodvijenіe і prіmenenіe» dlі prepodavatelei і spetsialіstov vызov Kazhastana.

Osnovnaia sel – naыchit prepodavatelei razrabatyvat і realizovyvat avtorskie onlain kыrsy. V prosese obыchenіa yчastniki razrabatyvalі pedagogicheski senari, yчilis rabotat pered video kameroi v spetsialіzіrovannoi stыdii Sentra MOOK, montіrovat video leksіi і sozdavat strыktыr kыrsa na platforme.

Distansіonnыr chast kыrsa «Razrabotka MOOK» slыshatelі prohodāt onlain. 11 noіabrā – poslednі den distansіonnogo obыchenіa. Po rezыltatam yчastnikam bыdet vydan sertifikat (72 chasa).

V kырse povyshenia kvalifikatsii prіnālі yчastіe prepodavatelei і spetsialіsty iz raznyh yнiversіtetov Kazhastana. V sledыrыshem yчebnom godы MOOK takje planіrыet provedenіe neskolkih kыrsov povyshenia kvalifikatsii.

Іnstіtыt novyh obrazovatelnyh tehnologi

Facebook: <https://www.facebook.com/moocs.kz/>

Instagram: <https://www.instagram.com/moocs.kz/>

Yчastniki pervogo antikorrыpsіonnogo forыma «Adaldyk alany», kotoryi proshel v Almaty, posetіli KazNы і oznakomіls s opыtom antikorrыpsіonnoi raboty vedыshego yнiversіteta strany.

Na masshtabnyі forым sehalіs predstavіtelі territorіalnyh departamentov po protivodeіstvіy korrыpsіi і rыkovodіtelі spetsialnyh monitorіrovnyh grыpp «Adaldyk alany». V ramkah meropriatia byl organizovan kampыs-tыr v KazNы im. al-Farabi dlі oznakomlenіa s naыchno-innovatsіonnymi dostіjenіami і antikorrыpsіonnymi proektami KazNы.

Delegatsіa posetіla mыzei yнiversіteta і sentr sіtыasіonnogo ypravlennіa (SSY), kotoryi osыshestvlyāet sbor і analіz informatsіi dlі kontrolā і monitorіnā tekыshei deiatelnosti, operativnogo prіnātіa reshenі. Innovatsіonnыi sentr proіzvel bolshoe vpechatlenіe na chlenov delegatsii.

«Іa predstavlāl sebe masshtab vedыshego vыza strany, no SSY prevzoshel vse moi ojіdanіa, – podelіlsā Erasyl Tolebaev, rыkovodіtel proektного ofіsa «Adaldyk alany» v g.Shymkent. – Eto kachestvenno novyi, vysochaіshі tehnicheski yroven, kotoryi pozvolāet kontrolіrovat ogromnыrы territorы vыza, mgnovenno reagіrovat na maleіshіe izmenenіa».

Dalee yчastniki kampыs-tыra posetіli klaster bіznes-kompetensі, kotoryi vklыchaet takіe sentry, kak: іslamskih finansov; predprіmatelstva і finansov; bіrjevyyh tehnologi; MBA і DBA. Onі sotrydnіcharыt s Nasionalnym bankom, MFSA «Astana» і zarыbejnymi partnerami v sfere finansov і bіrjevogo treіdinga.

V bіblioteke im. Al-Farabi bolshoi interes gostei vызvala ekspozіsіa v mыzee, posvāshennaia nasledы velіkogo yчenogo і myslіtelā. Takje gosti posetіli Sentr obslыjvanіa stыdentov «Keremet», okazyvāyshі bolee 500 yslыg po prіnsipy «odnogo okna».

«Іa pod bolshim vpechatlenіem ot ekskыrsii, – podelіlas rыkovodіtel proektного ofіsa «Shygys adaldygy», predsedatel regionalnogo Soveta delovyyh jenshın NPP RK «Atameken» po VKO Elena Berezіnskаia-Abіlova. – Rada, chto predstavіlas vozmojnost poznakomіtsā s vedыshim vызom respыblikі. Yroven tehnicheskogo osnashenіa, pedagogicheskogo sostava, obrazovatelnogo prosesa, naыchnogo potensіala KazNы ochen vysok. Yнiversіtet yshel na desātіletіa vpered, nachіnaia s vnedrenіa IT-tehnologi і osnashenіa konferens-zalov, zakanchіvaia yslovіami, sozdannymi dlā stыdentov».

**В КазНУ прошел грандиозный республиканский форум молодежи
«Мен жастарға сенемін»**

Жалғасы. Басы 1-бетте

Форум ел көлемінде жастардың патриоттық сезімін, азаматтық жауапкершілігін және зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды алаңға айналды.

Биыл форум байқауларына қатысу үшін ұйымдастыру алқасына еліміздің барлық аймағындағы 100-ден астам жоғары оқу орнынан 1,5 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Олардың арасында жеке жобалар мен шығармалар, сонымен қатар, ұжымдық шығармашылық жұмыстар да бар. Құрамында беделді сарапшылар, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік құрылымдар және БАҚ пен бизнес өкілдері, ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері бар тәуелсіз қазылар алқасы келіп түскен жұмыстар ішінен 620-дан астам үздік жұмысты таңдап алды. Жұмыс авторлары форумға қатысуға шақырылды.

Форумның салтанатты марапаттау рәсіміне вице-премьер Б.М. Сапарбаев, ҚР білім және ғылым министрі А.Қ. Аймағамбетов, ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрі Д.Ә. Абаев, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары О.А. Бектенов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаров, ҚазҰУ ректоры, академик Ғ.М. Мұтанов, танымал қоғам және мемлекет қайраткерлері, студенттер және еліміздің әр өңірінде қызмет ететін жастар қатысты.

Вице-премьер Бердібек Сапарбаев форум қатысушыларына арнаған сөзінде 2019 жыл ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы бастамасымен Жастар жылы болып жарияланғанын атап өтті. Бұл еліміздің маңызды әрі белсенді бөлігі, зияткерлік және шығармашылық әлеуеттің иесі жас ұрпаққа деген мемлекеттің зор әрі ерекше қамқорлығының көрінісі.

«Жастардың энергиясы мол және өте талантты. Олар Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына белсене атсалысуда. Мемлекет алдындағы Үкіметтің міндеті қазақстандық жастардың халықаралық стандарттарға сай, лайықты білім алуына және өзін-өзі дамытуына жағдай жасау» - деді вице-премьер.

Сондай-ақ ол, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылды Еріктілер жылы деп жариялағанын атап айтты. Ол Жастар жылын сабақтастыру эстафетасын жалғастырады. Еріктілер қозғалысының қатысушылары жастар екені белгілі, сол үшін де бұл өте маңызды. Вице-премьердің айтуынша, әркім өз елінің дамуына қандай үлес қосқанын ойлау керек. Сонда ғана нәтиже болады.

Форум қатысушыларына арналған құттықтау сөзінде ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев: «ҚазҰУ-бұл еліміздің білім беру флагманы ғана емес. ҚазҰУ университеттен де ауқымдырақ. Мұнда татулықты, өзінді дамытуды, шығармашылықты үйрететін, мейірімділік бағасын ұғындырып, өз Отаныңды қолдау мен сүйіспеншілікке баулитын ерекше аура мен энергия бар. Бүгінгі шара осының дәлелі. Бұл залда еркін және тәуелсіз елде оқып, еңбек ететін жастар жиналған. Мен оптимист ретінде қазақтың ұлы ақыны айтқандай, «Мен жастарға сенемін!» дегім келеді. Бұл сенім тектен тек айтылған жоқ».

Паралимпиадашы, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Серік Есматов: «Сіздер менің өмірімнің және жетістігімнің тарихын білесіздер. Табысқа жету жолы қиын екенін болжап отырсыздар. Мен 13 жасымда аяғымды жоғалтқаныммен өзімді жоғалтпадым, өз күшіме сеніп, өмірге деген сүйіспеншілігімді арттырдым. Барлығы өз қолдарыңызда! Біз жастар – Қазақстанның болашағы. Мен форумға қатысушыларға жаңа белестер мен шығармашылық жетістіктер тілегім келеді», - деген рухты ойымен бөлісті.

«Мен жастарға сенемін!» республикалық форумы аясында жас ғалымдардың қатысумен инновациялық жобалардың көрмесі өтті. Оған қатысқан жас ғалымдардың бірқатарымен сұхбаттасып көрген едік. Әр қайсысының өз жобасы, өз бағыты бар. Мәселен, география және табиғатты пайдалану факультетінің 4-курс студенттері Ерболат Нысанбай мен Маржан Тұрсынғали тау суын тиімді пайдалану тәсілдерін ұсынды. Олардың айтуынша: «Алматы қаласы сел қауіпті аймақ. Өйткені, таулардың жоғарғы жағында моренді көлдер орналасқан. Олар жаз-күз мезгілдерінде қауіп туғызады.



Республикалық «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің мамандары дәл осы көлдердің су деңгейін төмендетеді, яғни ағызып тастайды. Ол су жай ғана жерге сіңіп кетіп жатыр. Біздің жоба, ішуге жарамды болып отырған №13-Бис моренді көлінің суын құбырлар арқылы Алматы қаласына тарту. Осы тәсілмен бір тәулікте 40 мың адамды сумен қамтамасыз етуге болады. Ысырап су-мореналық көлдің деңгейіне ешқандай әсер етпейді. Жай ғана ағызып жатқан суды тиімді пайдаланамыз», - деп жобалары алдағы уақытта қала әкімдігіне ұсынатындығына тоқталды.

Биология және биотехнология факультетінің 3-курс студенті Зере Заманова «Ашу процесі-инновациялық тағам өнімдерінің көзі» тақырыбында зерттеу жобасын ұсынған. Зеренің айтуынша: «Біз шарап өнімдерін бірінші курстан бастап жасаудамыз. Жүзімді алған кезде, ашу процесі жүреді. Біз оған ешқандай ашытқы, ферменттер қоспаймыз.

қызмет атқаратын жасушаларының көбейгендігін байқадық. Соған сәйкес, осы өнімді ұсынып отырмыз. Оның басқа да шайлардан артықшылығы-пайдалы және бағасы да қолжетімді. Жоба біздің биология және биотехнология факультетінде жүзеге асты. Қазіргі уақытта, бұл өсімдіктерді агробиостанцияда өсіруді бастадық. Біз әр түрлі тағамдарды тұтынамыз. Ол тағамдармен бірге организмге әр түрлі улы заттар кіріп жатады. Сол улы заттарды, токсиндерді организмнен шығаруда осы фитосайларымыз септігін тигізеді», - деп өнімінің маңыздылығына тоқталды.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 1-курс студенті Шынар Ибрагимова: «Қазақстанның барлық өңірлерінде таралған алабота өсімдігін халық тұрмысында қолдану мақсатында қара сабын өндіру жобасын қолға алдым. Қара сабын-экологиялық таза өнім. Оның ең басты қасиеті-тері ауруларына

1-курс студенті Рүстем Бекеев форумда жеңімпаз атанып, вице-премьер Бердібек Сапарбаевтың қолынан ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу грантын иеленді. «Құрылыс саласында әйнек қалдықтары көптеп шығарылады. Соған байланысты, әйнекті ұнтақ ретінде шығарып, құрылыс материалдарына қолданудың жобасын әзірледім. Оның бағасы да көпшілікке қол жетімді болмақ. Міне, бүгін сол жобамның нәтижесінде, ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу грантына ие болды. Қуаныштымын. Мүмкін, екінші немесе үшінші курста осы университетте оқимын деген ойдамын», - дейді қуанышымен бөлісіп.

ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің постдокторанты Жандос Молдабеков елімізде ғылыммен айналысуға көп мүмкіндіктер жасалып отырғанын мақтанышпен жеткізді. Ол бүгінде әлемдік ғылыми базаларда көп мақала шығарып жүрген ғалымдардың бірі. «Жұмысым-теориялық физика. Көп бөлшекті жүйелердің компьютерлік модельдеуі және қасиеттерін зерттеумен шұғылданамын. Оның ішінде кванттық плазма, астрофизикалық нысандардың ішіндегі материяның жағдайы, қасиеттерін қарастырамын. Бізде университетімізде плазма тобы бар. Оның жетекшісі-профессор Т. Рамазанов. Постдокторантура-ол таза ғылыми жұмыс. Олар тек ғылыми жұмыс пен университет атыннан ғылыми мақала жариялағаны үшін ғана еңбекақы төлейді. Web of Science базасы – әлемде мойындалған, ғылыми деректердің, мақалалардың ең ірі базаларының бірі. Біздің университет Қазақстан бойынша аталған базада топ журналдарда ең көп мақала шығарған. Сондықтан, біздің университетімізге үш бірдей марапат берілді. Бұл ұйымның штаб-пәтері АҚШ-тың Флорида штатында орналасқан. Олардың біздің университетті мойындауы ғылымда сенуге болатын және адамдар сенетін ең басты жетістіктердің бірі деп ойлаймын», - дейді жас ғалым.

Форумда жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бірінші орын иегерлері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу грантына ие болды. Қатысушылардың шығармашылық жұмыстары арнайы жинақта жарияланады. Форум соңында патриоттық әндер шырқалып, концерттік бағдарламаға ұласты.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
3-курс PhD докторанты

Форум ҚазҰУ қазыраасында 2013 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Жыл сайынғы республикалық шара аясында «Қазақстанның инновациялық дамуына қосқан менің нақты үлесім» атты өзгек студенттік инновациялық жобалар байқауы. «Мен өз елімнің өркендеуі үшін не істей аламын?» атты өзгек эссе жазу, өзгек поэтикалық шығарма және патриоттық тақырыптағы әндер байқауы өтуге.

Мұндағы ашытқылар табиғи болып саналады. Біз мұны факультетіміздің қасындағы кіші цехта жаңа стартап кәсіпорынды бастағымыз келіп отыр. Яғни, мұның әлеуметтік маңызы зор. Болашақ биотехнолог мамандарды жетілдіру мақсатында үлес қосқымыз келеді. Бұл жобамызға екі жыл уақыт кетті. Түйе сүтінің ірімшігіне келетін болсақ, қарапайым, сиыр, қой, ешкінің сүттеріне қарағанда, оның құрамында козеиннің мөлшері аз болады. Соған байланысты, олардың ұю процесі өте баяу жүреді. Ал егер де оған қоспа ретінде, сиыр және қой сүттерін қосатын болсақ, оның ұю процесі белсенді жүре бастайды. Нәтижесінде, сүт тағамдарының өзге де түрлерін алуға болады», - дейді.

Биология және биотехнология факультетінің студенті Айдана Нұрлан университетте оқып жүріп, фитошай өндіруді бастағалы отыр. «Біздің мақсатымыз-адамдардың иммунитетін көтеру және өзіміздің отандық өнімді ұсыну болып саналды. Оның құрамы - он үш өсімдіктен құралған. Өсімдіктердің құрамы тәжірибеден толықтай өткен, улылығы жоқ, керісінше иммунитетті көтеруге басты септігін тигізеді. Біз егеуқұйрықтар арқылы зерттеу жүргізгенімізде, олардың иммундық

көмектеседі. «Қара сабын алу және өңдеу әдістері» атты жобаны қолға алғанымда бір жылдан аса уақыт жұмсадым. Бұл сабын толықтай химиялық зерттеуден өткен, денсаулыққа пайдасы зор. Алғашқылардың бірі болып, қара сабынды өзім және достарым бір аптадай пайдаланып көрдік. Косметологиялық және медициналық тұрғыда жақсы өнім», - деп өз жобасының жаңашылығымен бөлісті.

Орал қаласындағы Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің 4-курс студенті Айдана Ысқақова: «Егде жастағы адамдар мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың цифрлық сауаттылығын арттырамыз. Оларға үйде отырып, онлайн билет алу, банк карталары арқылы коммуналдық қызмет ақыларын төлеу, банкомат карталарын қолдану сияқты қажетті дүниелерді үйретеміз. Бұл жоба алты айдан бері тұрақты жұмыс жасап келе жатыр. Бізге жазылғандарды жеке офисімізге шақыртамыз, ал мүмкіндігі шектеулі жандардың үйлеріне барып дәріс жүргіземіз», - деп «Мобильдік жылжымалы цифрлық әлеуметтік көмек көрсету» атты әлеуметтік маңызы бар жұмыстарының жүзеге асыру барысымен таныстырды.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университетінің

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу жұмысы жөніндегі проректоры Асқар Хикметов Қазақстандағы үздік жоғары оқу орны ҚазҰУ-ға арнайы танысу мақсатымен келген Гансу басқару академиясының (ҚХР) делегациясын қабылдады. Кездесу барысында екі ел жоғары оқу орындарының өкілдері алдағы уақыттағы өзара ынтымақтастық қарым-қатынастарды өрбіту жолдары жөнінде әңгімелесті.

Гансу басқару академиясынан келген қонақтар мемлекеттік және жергілікті органдарға жылына қанша маман дайындайтындарын, олардың жұмыспен қамтылу деңгейі туралы қысқаша мәліметтерді айта келіп, екі елдің жоғары оқу орындарында студенттер мен оқытушыларды алмастыру, өзара тәжірибе алмасу сияқты мақсаттарының барын айта келіп, екіжақтық ынтымақтастық меморандумның жобасымен таныстыруды ұсынды.

– Біз Гансу провинциясындағы мемлекеттік органдарға кадрлар дайындаймыз, қоғам үшін әлеуметтік

ҚЫТАЙ АКАДЕМИЯСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА МҮДДЕЛІ



мәселелерді зерттейміз. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы бойынша екі елдің арасында өте тығыз байланыстар орнады. Көптеген салалар бойынша табыстарға

қол жеткіздік. Екі оқу орны арасында да осындай ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік бар. Тығыз қарым-қатынастар екі жақтың даму екілінін үдетіп, жаңа бағыт жолдарының ашылуына серпін береді. Сіздерде мемлекеттік қызметкерлерді дайындау бағытында мол тәжірибелеріңіз бар, біз сіздерден үйренгіміз келеді. Алдағы уақытта студенттерімізді алмастырып оқытсақ, оқытушылар бір-бірімен тәжірибе алмасатын болса, нұр үстіне нұр болар еді – деген ниетін білдірді өз сөзінде Гансу басқару академиясының профессоры Ванг Вей.

ҚазҰУ проректоры Асқар Хикметов бұл мәселелер бойынша академияның басшыларымен кездесіп, жіті талқылау қажеттігін, сондай-ақ, Қытайдағы мемлекеттік кадр дайындау жүйесін зерттеу үшін оқытушыларды жіберіп, тәжірибе алмасуға болатындығын атап өтті. Сондай-ақ, тараптар трансшекаралық су ресурстарын бөлу, баламалы энергетика көздері, жалпы жасыл экономика бойынша ынтымақтастық зерттеулер жүргізу сияқты көптеген мәселелерді талқылады.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ

Келелі кеңес

Ректораттың кезекті мәжілісі жағымды жаңалықтардан басталды. Бас ғалым хатшы Ләззат Шайкенова қоғамдық, ғылыми-тәрбие беру жұмыстарына жүйелі қатысқандары үшін филология факультетінің докторанттары мен магистранттарына ақшалай сыйлықтар тапсырды.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ғылымдағы жетістіктері үшін бірқатар ғалымды медальдармен марапаттады. Ғылым беру саласындағы жетістіктері үшін қытайтану кафедрасының профессоры Набижан Мұхаметханұлы, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен, университетке қосқан үлесі үшін және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 85 жылдық мерейтойына байланысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалімен композитор Владимир Виниаминович Питерцев, Жаңа химиялық технологиялар және материалдар институтының директоры, профессор Сергей Николаевич Калугин, қатты дене және бейсызық физика кафедрасының профессоры Борис Атыбекұлы Ақанаев және осы кафедраның доценті Мэлс Жақанұлы Боранбаевтар марапатталды.

Мәжілісінің күн тәртібіндегі – халықаралық рейтингтерде университет көрсеткіштерін арттыру бойынша кафедралардың жол картасын автоматтандыру туралы Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев түсіндірді, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» ШЖҚ РМК-нің коммерциялық емес акционерлік қоғамға көшуі бойынша жол картасы туралы Құқықтық жұмыс басқармасының басшысы Бахтияр Құрманалиев хабарлама жасады. Сондай-ақ, ішкі тәртіп ережесінің орындалуын қадағалау туралы университетті халықаралық тану туралы хабарламалар жасалды. «Мен жастарға сенемін» VI республикалық патриоттық форумының қорытындылары туралы және Әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеуге арналған республикалық іс-шаралар туралы әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева ақпарат берді.

Баспасөз қызметі



Қарымды қаламгер, білгір журналист, еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында ұзақ жылдар басшылық жасаған оқу ордамыздың ұстазы Жұмабек Кенжалиннің есімі болашақ журналистерге кеңінен танымал. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен журналистика факультетінің құрылғанына 85 жыл толуына орай «Жұмабек Кенжалин–Журналист. Ғалым. Ұстаз. Қайраткер» атты алқасөз осы тақырыпқа арналды.

«Түлектеріміз – біздің мақтанышымыз» атты студенттердің оқу-демалыс алаңында «Ұлт ұстаздарын ұрпағы ұмытпайды» атты портрет көрмесі таныстырылып, Жұмабек Кенжалин атындағы «Баспасөз және жаңа медиа» оқу-шығармашылық зертханасының салтанатты ашылуымен жалғасты. Зертхана-заманауи техникамен жабдықталған танымдық аудиториялардың бірі, Жұмабек Кенжалиннің дүниеге келген шағы мен өмірінің соңына дейінгі ізгі жолынан, күнды кітаптарынан, асыл мұрасынан, «Қазақ әдебиеті», «Ақиқат», «Ана тілі» журнал-газеттерінде атқарған қызметінен хабар беріп қана қоймай, келешек журналистердің тәжірибе жинақтап, ақпарат алмасуына зор мүмкіндік береді. Жиынды университет ректоры Ғалым Мұтанов кіріспе сөзбен ашты. Алқасөз жұмысына Жұмабек Кенжалинмен әр жылдары қызметтес болған қоғам және мемлекет қайраткерлері, ұстаздары – Ләтипа Мұратбекқызы, Тұрымтай Тұрлыбайқызы, Қожаберген Керімбекұлы, Сарбас Ақтаев, Дәмегүл Сердәліқызы, қарымды

ЖҰМАБЕК КЕНЖАЛИН АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ АШЫЛДЫ



қаламгерлер – Сәбит Досанов, Раушанбек Әбсаттаров, Сауытбек Абдрахманов, зайыбы Әлима Әбдірахманқызы мен ұлдары Дастан мен Жандос, курстастары, сыйлас достары, шәкірттері, белгілі журналистер қатысты. Зертхананың ашылу салтанатында ардагер журналист Сарбас Ақтаев лента қиып, журналистика саласының майталмандары мен қызметтес достары Жұмабек Кенжалиннің өмірінен сыр шертіп, игі істері мен адамгершілік болмысын еске алды.


Жұмабек Кенжалин журналистика саласындағы алғашқы жолын «Егемен Қазақстан» газетінде қарапайым тілші болып, редакторлыққа дейінгі жолды жүріп өтті. 1986-1988 жылдары «Зерде» («Білім және еңбек») журналында жауапты хатшы, бас редактордың міндетін атқарушы, 1994-1996 жылдары «Халық кеңесі» газетінің бас редакторы, 1996 жылы «Ақиқат» журналының бас редакторы, 1997-1999 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып қызмет атқарды. Өмірінің соңына дейін ақпарат саласында еңбек етіп, 2009-2017 жылдары «Қазақ газеттері» серіктестігін басқарды, серіктестік құрамындағы 6 басылымның үзбей шығып тұруы мен дамуына зор күш-жігерін салды. Газет немесе журнал

редакциясының штаттық құрылымын сақтау, «Қазпошта» акционерлік қоғамына қарасты ұжымдардың тарап кетуін болдырмау, полиграфиялық кәсіпорындардың жүйесін ұлғайту сынды мақсаттарды ұстанып, газет-журналдың таралымын арттырды. «Желкілдеп өскен құрақтай», «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз», «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз», «Саяси менеджмент және баспасөздің жұртшылықпен байланыс мәселелері», «Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа», «Қалам қанаты», «Елжандылық мұраты және баспасөз беделі» атты кітаптардың авторы.

Жұмабек Кенжалин атындағы зертхана білікті журналистер даярлап шығаруда үлкен рөл атқаратыны сөзсіз. Жас журналистерге үлгі боларлық ұлтжанды дара тұлға Жұмабек ағаның қалдырған мол мұрасын игеріп, ізгі жолын жалғастыратын журналистер мен ұрпақтары барда «Бүгінгінің Сәкені» ешқашан да өлмейтініне көз жетті.

Айсұлу СЪЕЗХАН,
Абай атындағы орта мектеп-гимназияның 11-сынып оқушысы

В международном сборнике, посвященном «Энергетической справедливости через границы» (Energy Justice Across Borders), вышедшем в издательстве Springer, была опубликована статья казахстанских философов Гульжихан Нурышевой, Жылдыз Амребаевой и Айдары Амребаева под названием «Казахская этическая традиция и антиядерная этика» (The Kazakh Ethical Tradition and Anti-nuclear Ethics).



Книга вышла в ноябре этого года под редакцией группы авторитетных международных ученых: Energy Justice Across Borders /Gunter Bombaerts, Kirsten Jenkins, Yekeen A. Sanusi, Wang Guoyu /. <https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-030-24021-9>. Она посвящена концептуализации трансграничных энергетических проблем, включая вопросы этического основания справедливости энергетической политики в мире. Содержание издания исходит из мнения о возникшем разрыве и необходимости сравнительных подходов к энергетической справедливости и

Философы КазНУ в Springer

учета этических традиций, выходящих за рамки классического западного подхода. Данный том объединяет области энергетической справедливости и сравнительной философии с целью обнаружить всеобъемлющую глобальную перспективу и подходы к применению энергетической этики. По мнению редакционной группы, особенностью издания является изучение энергетической справедливости через границы стран, мышления и ограничения отдельных дисциплин. В статье «Казахская этическая традиция и антиядерная этика» анализируется вклад казахской традиционной этики в формирование современного гармоничного мира. Мирный и гармонизирующий характер философской этики различных цивилизаций на разных этапах истории характеризует разнообразие и единство человеческих устремлений к миру и гармонии. Разработка ядерного оружия в современном мире является серьезным вызовом этой концепции развития. Этические идеи разных народов могут быть использованы в качестве весомого аргумента в пользу отказа человечества от ядерного оружия. Авторы акцентируют внимание на гармоничном мировоззрении казахов-кочевников, которые понимают и принимают в повседневной жизни взаимосвязь мира человека и мира природы. В исследовании дается авторский взгляд на особенности эволюции казахской кочевой мыслительной традиции и разработку проблем национального этического кода. Ими, в частности, предлагается выделить особенные этические принципы, лежащие в основе национального миропонимания казахов-кочевников, которые сохраняют актуальность и по сей день. Например, формирование экологического сознания казахского народа связано, впервые очередь, с восприятием неразрывной связи Человека и Природы

в истории кочевников Евразии, отношении к жизни и смерти как преходящим категориям существования человека, необходимости осознанного, искреннего и ответственного отношения как к окружающему миру, так и друг к другу. Этический коммуникативный принцип «Адамның күні адаммен» (Жизнь человека с человеком) экстраполируется в бережное отношение к Миру, как Макрокосму, в котором человек представляется его микромоделью и самосознающей частицей мироздания, обладающей моральной ответственностью за его сохранение. Это налагает на человека обязанность по сохранению первозданной гармонии природы, но и в эпоху четвертой промышленной революции и связанного с этим технологического прорыва человечества преодоления ядерного противостояния государств за доминирование в мире. Авторы последовательно прослеживают этапы формирования этического сознания от идеологии энергетической справедливости и социального равенства к антиядерной этике и общественной гармонии в Казахстане. Книга в целом, как и статья казахстанских ученых, обращена к зарубежному читателю, специалистам в области энергетической справедливости, философской компаративистики и исследователей этических традиций разных народов. Следует отметить, что статья является первой публикацией казахстанских философов в столь солидном издательстве и значимым событием для нас в канун Всемирного Дня философии.

Гульжихан НУРЫШЕВА,
доктор философских наук,
профессор,
заведующая кафедрой философии,
Жылдыз АМРЕБАЕВА,
кандидат философских наук,
доцент кафедры философии

ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР

Шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасында Алматы қаласындағы корей тілі оқытушыларына арналған «Торік емтихандарын тапсыруға студенттерді дайындау әдістері» тақырыбындағы әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Корея Республикасының корей тілін зерттеу жөніндегі Ұлттық институты мен Корея Республикасының Кукмин университеті арасындағы ынтымақтастықты қолдау мақсатында Қиыр Шығыс кафедрасында Алматы қаласындағы корей тілі оқытушыларына арналған Кукмин университетінің (Корея Республикасы) шақырылған профессоры Ё Юн Хидің қатысуымен «Торік емтихандарын тапсыруға студенттерді дайындау әдістері» тақырыбындағы әдістемелік семинар ұйымдастырылды. Семинарға Қиыр Шығыс кафедрасының, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, Korean Study тіл орталығының және Алматы қаласындағы корей мектептерінің 20 оқытушысы қатысты. Аталған семинардың басты мақсаты корей тілі бойынша деңгейлік білімді анықтаудың мемлекеттік емтиханын тапсыруға студенттерді дайындау болып табылады. Семинар барысында профессор Ё Юн Хи мемлекеттік емтиханның құрылымы, тақырыптық өзгерістер және эссе жазудың жаңа талаптары сынды мәселелерге нақты тоқталды. Студенттердің эссе жазуға дайындық кезеңі мен емтихандардағы шектеулі қателіктердің нұсқалары мен оларға жол бермеу тәсілдері қарастырылды. Кәсіби тұрғыдан жоғары әрі тиімді құрастырылған материалдар мен буклеттер эссе жазу бойынша мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстарына көмегін тигізетін көмекші құрал ретінде қызмет ететін болады. Семинарға қатысушылардың өзекті әрі мазмұнды дәрісі үшін профессор Ё Юн Хиге айтар алғысы зор. Аталған іс-шара Корея Республикасының Корей тілін зерттеу жөніндегі ұлттық институтымен және Кукмин университетімен орнатылған ынтымақтастық нәтижесінде өткізілді.

Қиыр Шығыс кафедрасы

В Высшей школе здравоохранения КазНУ студенты принимают активное участие в общественной и социальной работе. Во время научно-педагогической практики докторанты и магистранты специальности «Общественное здравоохранение» провели ряд мероприятий и акций, направленных на формирование здорового образа жизни и поддержку больных детей.

Одна из показательных инициатив в рамках общественной и социальной работы – акция «Творить Добро!», которую провели студенты в детском отделении Казахского научно-исследовательского института онкологии и радиологии под руководством профессора кафедры педагогики и образовательного менеджмента А.С.Магауовой и и.о. доцента кафедры эпидемиологии, биостатистики и доказательной медицины Г.Д.Кузиевой. Благодаря акции дети смогли почувствовать заботу и соучастие, отвлечься от больничных будней, настроиться на позитив. Магистранты и докторанты Г.Абилова, С.Кожанов, Ш.Малик, А.Абишев,



Е.Турганова в рамках реализации программы «Здоровый образ жизни» проявили большой энтузиазм и энергию организовав воспитательное мероприятие «Трезвость-норма жизни!». Особый интерес вызвали содержательные

социальные ролики. Участники мероприятия смогли принять участие в мозговом штурме по поиску решений проблемы алкоголизма, профилактике этого социального заболевания. Большую ценность имели и рекомендации по

профилактике и снижению пагубных привычек среди подростков и молодежи. Воспитательное мероприятие «Психическое здоровье. Профилактика стресса», которое организовали и провели студенты Калымжан Г., Османова М., Таждинов Д., Сунтаев М., было нацелено на формирование навыков стрессоустойчивости молодежи. А тренинг «Профилактика поведенческих факторов риска», инициированный также студентами был посвящен проблеме выбора правильного решения в критических ситуациях. Таким образом, активное участие студентов в подобных мероприятиях и акциях в ходе научно-педагогической практики помогает повысить теоретический и практический уровень знаний и навыков, личностно-профессиональные качества, культуру и компетенции будущих специалистов.

А.С. МАГАУОВА,
д.п.н, академик МАНПО,
профессор кафедры педагогики и образовательного менеджмента

ПРАКТИКУЕМ ДОБРЫЕ ДЕЛА

**Серік Мектепұлы Мәшімбаев –
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, гуманитарлық
ғылымдар академиясының
академигі 50 жылға жуық
ҚазҰУ-да ұстаздық еткен ғалым.**



Әскер қатарында жүрген жастарға білім алуға мүмкіндік туғызу туралы Н.С.Хрушевтің жарлығына сәйкес, С.М.Мәшімбаев 1963 жылы Кеңес әскерінің қатарында Отан алдындағы міндетін өтей жүріп, дайындықтан өтіп, Қазақстанның жастары оқу орнына емтихан тапсыруға қол жеткізді.

КСРО-ның әр түкпірінде әскери міндеттерін атқарып жүрген бір топ қазақ жігіттері оқуға түсу үшін 1963 жылы шілде айында Алматы қаласына келеді. Серік Мектепұлы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне құжаттарын тапсырып, жатақханадан орын алады. Осы жылы 2 қыркүйекте оқуға қабылданғаны туралы бұйрық шығып, Қазақ мемлекеттік университеті тарих факультетінің студенті атанды.

Қай жерде еңбектесе де, Серік Мектепұлы тарих факультетімен ғылыми қатынасын үзбеген. 1971 жылы декан А. Шупеков пен Жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі А.Н. Зайкин ҚазМУ-дің сол кездегі ректоры академик Ә.А. Жолдасбековтің келісімімен С.М. Мәшімбаевты факультетке жұмысқа шақырып, аға оқытушылық қызметіне алады. Осылай профессор С.М. Мәшімбаевтың ҚазМУ-дың тарих факультетінің «Жалпы тарих» кафедрасында басталған ұстаздық және ғылыми қызмет күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып келе жатыр. Қазіргі кезде С.М. Мәшімбаев тарих факультетінде үзбей 48 жыл еңбек еткен ардагерлер қатарында. Кафедраға жұмысқа алынғаннан кейін аға оқытушы С.М. Мәшімбаев «Оңтүстік және Батыс славян тарихы», «Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы», «Чехословакиядағы кемелденген

социализм», «Чехословакияның сыртқы саясаты», «Польша тарихындағы поляк-қазақ қарым-қатынастары» атты жалпы тарихтың өзекті мәселелеріне арналған курстар оқып, тарих факультетінің күндізгі және сырттай білім беру бөлімдерінің қазақ топтарына «Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы», «Соғыстан кейінгі Герман мәселесі», «Шығыс Еуропа елдеріндегі Сталиндік диктат кезеңінің тарихы» бойынша дәрістер жүргізеді.

С.М. Мәшімбаев Қазақстандағы оңтүстік және батыс елдер тарихын зерттеуге 25 жыл еңбегін арнап, ғылымның дамуына көп үлес қосып, тарихшы-ғалым ретінде танылды, шет елдерде өз ғылыми ізденістерін жариялады. Осының көрінісі ретінде 1983 жылы Киев қаласында өткен IX Халықаралық славяндар съезіне қатысып, Польша, Чехословакия, Болгар, Югослав ғалымдарымен кездесіп, «Польша мемлекетінің құрылуы» атты баяндама жасағанын айтуға болады.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

1992 жылы жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Адам Мицкевич атындағы Познань университеттері арасында ғалымдар алмасу келісіміне қол қойылды. Келісім негізінде С.М. Мәшімбаев 1992 жылы қыркүйек-желтоқсан айларында Познань университетіне мамандықты жетілдіруге жіберіледі. Познань университетінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан тарихы мен поляк-қазақ қарым-қатынастары бойынша поляк студенттері мен оқытушыларына дәріс оқыды.

1983 жылы С. Мәшімбаев жалпы тарих кафедрасынан У.Х.Шәлеkenов басқарып отырған «Археология және этнология» кафедрасына ауысады және У.Х. Шәлеkenов жетекшілігімен «Қазақстан тарихының өзекті мәселелері», «Орыс-қазақ қарым-қатынастары», «Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік мекемелер тарихы» мәселелерімен айналысты. 1985 жылы тарих факультетінің жанынан ашылған тұңғыш диссертациялық кеңесте С.М. Мәшімбаев «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-қазақ байланыстарының тарихы (Кіші жүз қазақтары мысалында 1731-1827 жж)» атты тақырыпта диссертация қорғады. 2001 жылы «Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап, отарлық саясат орыс мемлекеттік басқару мекемелері арқылы жүргізілгендігін дәлелдеді. Қазақстан тарихындағы отарлық саясатқа қарсы ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбын терең зерттей келе, 1783-1797 жылдардағы Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихына байланысты көпжылдық зерттеулер нәтижесіне орай «Сырым Датұлы (1742-1802 жж)» атты монография жазды. Осы ізденістерімен қатар,

профессор С.М. Мәшімбаев Қазақстан тарихындағы өзекті мәселелердің бірі – Еділ-Жайық арасындағы қазақ жері үшін күрестің басында болған Кіші жүз ханы Әбілқайырға арналған монография жазды. Монографияда Әбілқайыр ханның 1731 жылы Ресейге Одақ болу үшін елші жіберуі, Әбілхайырдың бұл саясатын Ресей патшасының өз мүддесіне пайдалануы, Қазақ жерінің Ресей боданына айналуы зерттелген.

Ресей және Кеңес империясының қазақ халқына жүргізген отарлық саясатының негізгі мақсаты мен саясаттың зардаптары туралы С.М. Мәшімбаев пен Г.С. Мәшімбаеваның «Патшалық Ресей мен Кеңес империясының Қазақстанды рухани отарлау саясатының зардаптары (XIX ғасырдың 70-жылдары мен ХХІ ғасыр)» мәселесіне арналған монографиясы 2014 жылы жарыққа шықты.

Университетте ұстаздық еткен 43 жыл ішінде профессор С.М. Мәшімбаев дәріс тыңдаған шәкірттері жетерлік. Олар Қазақстан мен шет елдерде әртүрлі қызмет саласында еңбек етуде.

Мысалы, профессор қаламынан соңғы жылдары жаңа ұстанымдағы 5 монография, 3 оқулық, 6 оқу құралы және 3 электрондық оқулық жарық көрді. Сонымен қатар, 300-ге жуық ғылыми мақалалар жарық көріп, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасалды.

Ұстаз болу өмірдегі ең қажет мамандық, оны ұстай білудің өзі адалдықтың көрінісі болады,– деген қанатты сөз профессор Серік Мектепұлының барлық болмысына толық сай.

**Т. МУХАЖАНОВА,
Н. ДЕНГЕЛЬБАЕВА,**

*дүниежүзі тарихы, тарихнама және
деректану кафедрасының
аға оқытушылары*

Жетістігі мол – жетпіс жыл



**Университеттің құрмындағы
факультетер ішінде кешегі
философия-экономикалық,
бүгінгі философия және
саясаттану факультетіне
70 жыл толысты. Бұл өз
кезегінде университеттің 85
жылдығына сәйкес келіп отыр.**

Бұл өз кезегінде университеттің 85 жылдығына сәйкес келіп отыр. Философия және саясаттану факультетінде еліміздің талай білікті ғалымдары, қоғам қайраткерлері, саясаткерлері, ел басқарған азаматтар сап түзеп, ерен еңбек етуде. Факультетте алты кафедра жұмыс жасайды, соның бірі 1940 жылы құрылған 80 жылдық тарихы бар педагогика кафедрасы. Оның негізін, университеттің үшінші ректоры, қазақ ұлтының тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы, академик Т.Т. Тәжібаев қалаған.

Кафедраның қалыптасуы университеттің, қазақстандық педагогикалық ойлардың, әдениеттің тұтас дамуы және білім беруімен бірге жүзеге асырылуда. Бұл кафедра кейіннен, жалпы және этникалық педагогика, қазіргі кезде заман талаптарына сай педагогика және білім беру менеджменті болып жұмыс жасауда. 2009 жылға дейін жалпы университетік кафедра ретінде қызмет атқарса, бітіруші түлектер дайындайтын

болғандықтан осы жылы факультеттің құрамына енді. Факультет құрамында болу, кафедра үшін аса тиімді болды, атап айтқанда, алғашында «Педагогика», кейіннен «Педагогика және психология» мамандығы бойынша мамандар даярласа, бүгінде «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», АҚА, АҚІІН халықаралық аккредитация компанияларынан өткен білім беру бағдарламалары бойынша

3 деңгейде мамандар даярлауда сонымен қатар магистратура деңгейінде «Инклюзивті білім беру жағдайындағы заманауи технологиялар», «Өзін-өзі тану және гуманды педагогиканың негіздері», сондай-ақ қос дипломды бағдарламаларды да жүзеге асыруда.

Кафедра Ресей, Германия, Венгрия, Болгария, Литва, Польша, Түркия, Оңтүстік Корея және т.б. мемлекеттердің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жасайды.

Бүгінде кафедрада республикаға, шетелге танымал ғалымдар қызмет етеді, атап айтсақ, академик А.К. Құсайынов, Ш.Т. Таубаева, Г.К. Ахметова, Н.А. Асанов, А.А. Булатбаева, А.К. Мынбаева, А.Б. Мукашева және тағы басқалар.

Қазіргі кезде, факультет деканы, профессор А.Р. Масалимованың қолдауымен жаңа білім беру бағдарламалары құрастырылуда және де шетелдік ғылыми тағлымдамаға, академиялық ұтқырлыққа, конференция, семинарлаға қатысуға көптеген білім алушылар, оқытушы-профессор құрамы қол жеткізуде.

Міне, осындай жетістікке ие болып отырған ЖОО да, факультетте қызмет ету кімге болса да абырой.

Жетістігі, жемісі де мол 70 жылды артта қалдырған факультетіміздің болашақта қол жеткізетін табыстары көп екеніне сенемін.

Н. ӘЛҚОЖАЕВА,

*педагогика және білім беру
менеджменті кафедрасының
меңгерушісі, профессор м.а.*

**15 ноября на факультете международных отношений состоялась презентация книги
«Правовые основы противодействия коррупции»**

ҚазҰУ және достарым

Жуырда геодезия және картография мамандығының 2-курс студенттері қатысуымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Мен және менің достарым» атты тәрбие сағаты өтті.



Достық – адамдардың бір-бірін жаны қалап, шын жақын көріп, қалтқысыз сеніп, тілектес болуы. Ерте заманның ойшылы және асқан шешен Цицерон: «Достық өз бойына қаншама сан алуан пайдалы нәрселерді біріктірген! Қайда барсаңызда, ол сізге қызмет етеді, ол барлық жерде бар, ол ешқашан да мезі қылмайды, ешқашан да орынсыз килігетін жері болмайды; ол сәттілікке жаңа сәулет береді, ол ортақтасқан сәтсіздіктер де көп мөлшерде өзінің уытын жоғалтады», -дейді.

Бұл сағатта әрбір студент өз ойларымен бөлісіп, достарының қандай екенін, достықты бағалау керек екенін айтып жеткізді. Сонымен қоса түрлі ойындар мен сұрақтар қойылды.

Сонымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай: «Достыққа жүрмін, достыққа жүрмін құмартып, өлгелі

жүрмін өзіме-өзім мін артып», -дейді. Осы ҚазҰУ қара шаңырағына «геодезия және картография» мамандығында оқып жатқан студенттік достарыммен мақтанамын. ҚазҰУ-ға грант иегері атанып оқуға түсіп, арман қуып жақсы және адал достар тапқаным үшін университетке алғысым шексіз! ҚазҰУ Қазақстанның түпкір-түпкірінен келетін жалынды жастардың достығын шыңдайтын киелі қара шаңырақ иесі деп білемін. Рақмет саған, ҚазҰУ!!!

Ж. НАЙМАНОВА,
геодезия және картография
мамандығының
2-курс студенті,
Ж. МАЖЕНОВА,
топ-эдвайзері, аға оқытушы

Жуырда Ө.А. Жолдасбеков атындағы мәжіліс залында механика кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамымен бірінші курс студенттерінің кездесуі өтті.

ӘСЕРЛІ КЕЗДЕСУ

Механика кафедрасы меңгерушісінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д. Туралина ұйымдастырған кездесуге кафедра меңгерушісі профессор З.Ракишева, профессор А.Қалтаев, профессор Е.Темірбеков, профессор Э.К.Абдылдаев, доцент Н. Джамалов, доцент Т.Кунакбаев, доцент Ж.Т.Жумашева, доцент А.К.Төлепбергенов және оқытушылар А.Исмаилова мен Б.Сағитжанов қатысты.

Кездесуге механика кафедрасындағы «Механика», «Ғарыштық техника және технологиялар», «Робототехникалық жүйелер» білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен жүзден аса студент келді. Профессор З. Ракишева бірінші курс студенттерін механика кафедрасындағы жалпы білім беру бағыттарымен, білім сатыларымен таныстырып, оларға бағыт бағдар берді. Жалпы мамандықтың болашағы, магистратураға, докторантураға түсу талаптары жайында толық ақпарат берді.

Қазақстандағы сұйықтар мен газдар механикасының негізін салушы, академик Ш. Ершиннің шәкірті, белгілі ғалым, сұйық және газ механикасының докторы профессор А.Қалтаев механика мамандығы туралы ойларымен бөлісіп, кезінде механика мамандығын кездейсоқ таңдағанын да жасырмады. Сонымен қатар профессор А. Қалтаев қос диплом алуға мүмкіндік беретін қазақ-француз

«Геоэнергетика (Mechanics. Energy)» білім беру бағдарламасы жайында да айтып өтті.

«Робототехникалық жүйелер» мамандығының қазіргі заманда кең сұранысқа ие болып отырғандығын айта келе осы сала мамандары профессор Е.Темірбеков, доцент Н. Джамалов, доцент А. Ералиев және доцент Ж.Жумашевалар өз ойларын ортаға салды. «Робототехникалық жүйелер» - механика, ақпараттық жүйелер және электроника салаларын тоғыстыратын пәнаралық мамандық болып табылатындығын да жеткізді. Профессор Э. Абдылдаев деформацияланатын денелер механикасы жайлы баяндаса, доцент Т. Қонакбаев желэнергетикалық қондырғы жасап жатқандығы және ол жобаны іске асыру үшін талантты студенттер қажет екендігін айтты. Доцент Д.Е.Туралина студенттердің ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндіктері жайлы таныстырып өтті. Соңында профессорлар мен оқытушылар студенттердің қойған сұрақтарына жауап беріп, жақсы маман болу үшін жақсы оқу, уақытты тиімді пайдалану және беріліп отырған мүмкіндіктерді пайдалану керектігін тағы да студенттерге ескертті.

Динара ТУРАЛИНА,
механика кафедрасының доценті



ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН-КУРС МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

30 қазаннан 11 қарашаға дейін ЖАОК орталығы Қазақстанның жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мамандарына арналған «Жаппай ашық онлайн-курстар: дайындау, алға жылжыту және қолдану» атты біліктілікті арттыру курсы өткізілді.

Негізгі мақсат – оқытушыларға авторлық онлайн курстарды әзірлеуге, оны енгізуге және үйретуге арналған. Оқыту барысында қатысушылар педагогикалық сценарийді жасап, ЖАОК орталығының мамандандырылған студиясында бейнекамера алдында жұмыс істеуді, видео дәрістерді монтаждауды және платформада курс құрылымын құруды үйренді. «ЖАОК дайындау» курсының қашықтан оқу бөлігін тыңдаушылар онлайн режимінде өтті. Біліктілікті арттыру курсына Қазақстанның әр түрлі жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мамандары қатысып, нәтижесінде қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Өз тілшімізден

БИЗНЕС ИДЕЯЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Жуырда бүкіл әлемде #Erasmus Days 2019 хэштегімен әлемдік ауқымдағы іс-шараны қолдауға арналған «Erasmus Day» өтті.

Эразмус+ білім беру, кәсіптік оқыту, жастар саясаты және спорт жүйесін жаңғырту мен тұрақты дамытуға бағытталған Еуропалық Одақтың бағдарламасы болып табылады.

#Erasmus Day аясында Алматы энергетика және байланыс университетінде (АЭБУ) студенттер арасында бизнес идеялар байқауы ұйымдастырылды. Аталған байқауға Алматы қаласы бойынша 14 команда қатысты. Оның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультеті механика кафедрасының FLYUP Group стартап компаниясының командасы «SMART TABLE» жобасымен қатысты.

«SMART TABLE» жобасының идеясы – заманауи технологиялармен жабдықталған, қажетті бағдарламамен



қамтамасыз етілген, күн сәулесін электр көзіне айналдырып коммуналдық шығынды үнемдеуге мүмкіндік беретін ақылды үстел жасау. Жоба жетекшісі - Механика кафедрасының оқытушысы Берік Сағитжанов. Команда мүшелері механика кафедрасының студенттері Сейдахмет Қазбек (робототехникалық жүйелер мамандығының 2-курс студенті) пен Жұмағазы Әділдәулет

(ғарыштық техника және технологиялар мамандығының 1 – курс студенті) ұсынған «SMART TABLE» жобасының идеясы үздік деп танылып, екінші орынға ие болды. Студенттер Сертификаттар және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Жеңіс тұғырынан көріне беріңіздер демекпіз!

Д.ТУРАЛИНА,
механика кафедрасы

23 қарашада әл-Фараби кітапханасында философия және саясаттану факультетінің 70-жылдығына арналған халықаралық конференция өтеді

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,
Қайыржан ТӨРЕЖАН
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді. АҚ
"Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №1738

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.